

Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 18 шілде N 34-І. Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134 заңымен енгізілген толықтырулар мен өзгертулер 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне кіреді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1999.04.05. N 363 Заңымен. ~Z990363

Осы Заң азаматтарды әлеуметтік қорғаудың мемлекет кепілдік берген, міндетті әлеуметтік сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылатын құқықтық, ұйымдық және экономикалық негіздерін белгілейді.

I тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандыру ұғымы

Міндетті әлеуметтік сақтандыру сақтандырылған азаматтар еңбек ету қабілетінен айрылған, жұмыссыз қалған, қызметкерлер немесе олардың отбасы мүшелері сауықтыру қызметіне, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте, тиісті қорларға міндетті жарналар төлеу негізінде міндетті әлеуметтік сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылатын басқа да материалдық қамтамасыз ету жүйесі болып табылады.

Сақтандырылмаған азаматтарға әлеуметтік кепілдіктердің жекелеген түрлері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті әлеуметтік сақтандыру қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен. Z970134_

2-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар

Осы Заң мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру органдары, сақтандырылған азаматтар мен, меншік және шаруашылық жүргізу нысандарына қарамастан, жұмыс берушілер арасындағы міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы қатынастарды реттейді, мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктердің түрлерін а й қ ы н д а й д ы .

3-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандырудың негізгі принциптері

Азаматтарды міндетті әлеуметтік сақтандырудың негізгі принциптері:

- сақтандырылған азаматтарды әлеуметтік қорғауға мемлекеттік кепілдік, оны сақтандыру жағдайларының бәріне қолдану;
- қызметкерлерді әлеуметтік сақтандырудың міндеттілігі;
- азаматтарға, жәрдемақылардың және заңдарға сәйкес басқа да төлемдердің мемлекеттік кепілдігі;
- жұмыс істейтін азаматтардың, жұмыс берушілердің және мемлекеттің міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларын құруға қатысуы;
- жәрдемақылар мен міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша басқа да төлемдердің сараланған шарттары мен мөлшерлері;
- мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қызметіндегі жариялылық болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 3-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19.
N 134 - I Заңымен.

4-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандырылуға жататын адамдар

1. Міндетті әлеуметтік сақтандырылуға:

- еңбек шарттары немесе жалдаудың басқа нысандары бойынша жұмыс істейтін, меншік және шаруашылық жүргізу нысандарына қарамастан, заңды және жеке тұлғалардан еңбегіне ақы алатын Қазақстан Республикасының азаматтары;

- Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар жатады.

2. Халықаралық ұйымдарда, сондай-ақ шетелдегі мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының азаматтары жалпы негіздерде міндетті әлеуметтік сақтандырылуға жатады және олардың еңбек жағдайлары туралы арнаулы ережелерге сәйкес жәрдемақылар мен қамтамасыз етіледі.

Шетелдік фирмаларда жұмыс істейтін республика азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды міндетті әлеуметтік сақтандыру Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларымен реттеледі.

3. Осы Заңның күші республиканың Қарулы Күштерінде, Шекара және ішкі әскерлерде, Республикалық ұланда және Қазақстан Республикасының құзыретті мемлекеттік органдарының шешімдеріне сәйкес құрылған басқа да әскери құрамында әскери қызметте жүрген әскери қызметшілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, салық полициясы органдарының,

прокуратурасының сыныптық шені бар қызметкерлеріне, судьяларға, кеден органдарының лауазымды адамдарына және әлеуметтік сақтандырылуы арнаулы заңдармен реттелетін жұмыс істеушілердің басқа да санаттарына қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ. 4-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен.

5-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңды бұзғандық үшін жауапкершілік

Осы заңды бұзғандық үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес туындайды.

6-бап. Халықаралық шарттар

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгендегіден өзгеше нормалар белгіленсе, онда халықаралық шарттардың не келісімдердің нормалары қолданылады.

II тарау. Міндетті әлеуметтік сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылатын әлеуметтік қорғаудың кепілді түрлері

7-бап. Әлеуметтік кепілдіктер түрлері

Осы Заңмен міндетті әлеуметтік сақтандыру қаражаты есебінен әлеуметтік кепілдіктердің мынадай түрлері белгіленеді:

- еңбекке уақытша жарамсыздығы (соның ішінде еңбекте жарақаттану мен кәсіби науқастанудан болатын) бойынша берілетін жәрдемақы;
- жүктілігі және босануы бойынша берілетін жәрдемақы;
- сауықтыру сипатындағы қызметтер;
- жұмыссыздық жағдайында әлеуметтік қолдау;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру;
- бала туғанда берілетін жәрдемақы;
- жерлеуге берілетін жәрдемақы.

Ескерту. 7-баптың 2-абзацы алынып тасталды - Қазақстан

Республикасының 1997.06.19 N 134-І Заңымен.

8-бап.

ЕСКЕРТУ. 8-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен.

9-бап. Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша берілетін жәрдемақы

Науқастануға (мертігуіне), протез салдыруға, жүктіліктің жасанды жолмен бұзылуына, отбасының науқастанған мүшесін күтіп-бағуға, карантинге байланысты және туберкулезбен науқастануға немесе кәсіби науқастануға байланысты басқа жұмысқа уақытша ауыстырылған кезде, басқа жағдайларда еңбекке уақытша жарамсыз болған реттерде жәрдемақылар Үкімет белгілеген тәртіп бойынша тағайындалады және төленеді.

10-бап. Еңбекте жарақаттанудан немесе кәсіби науқастанудан еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша берілетін жәрдемақы

Еңбекте жарақаттануға немесе кәсіби науқастануға байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақы еңбекке жарамсыз болған алғашқы күннен бастап жұмысқа шыққанға немесе мүгедектік белгіленгенге дейін орташа жалақының жүз проценті мөлшерінде төленіп, жұмыс беруші төленген соманы кейіннен Әлеуметтік сақтандыру қорына өтейді.

11-бап. Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша берілетін жәрдемақыдан айыру негіздері

Азаматтарды жәрдемақыдан айыруға мыналардың салдарынан болған

еңбекке уақытша жарамсыздық жағдайлары негіз болады:

- олар қылмыс жасаған кезде алған мертігулер;
- өз денсаулығына қасақана зиян келтіру;

- алкогольді немесе есірткі және уытты заттарды пайдаланудан болған аурулар мен мертігулер.

Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақы сот ұйғарымымен еріксіз емделуге мәжбүр етілген (психикалық ауыратындардан басқалар), кінәлі екендігі анықталған ретте сот-медицина сараптамасынан өтіп жүрген, сондай-ақ қамаудағы адамдарға берілмейді.

12-бап. Жүктілігі және босануы бойынша берілетін жәрдемақылар

Жүктілігі және босануы бойынша берілетін жәрдемақылар орташа жалақының жүз проценті мөлшерінде босанғанға дейінгі және босанғаннан кейінгі демалыс кезеңіне тағайындалады және төленеді.

13-бап. Бала туғанда берілетін жәрдемақы

Бала туғанда иісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы Заңына белгіленген мөлшерде бір жолғы жәрдемақы төленеді. Бала өлі туған жағдайда жәрдемақы төленбейді.

14-бап. Жерлеуге берілетін жәрдемақы

Жерлеуге арналған жәрдемақы тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген мөлшерде беріледі.

Жерлеуге арналған жәрдемақы өлген адамның отбасына (өлген зейнетақы төлемдерін алушыны қоспағанда) немесе жерлеуді мойнына алған басқа жеке немесе заңды тұлғаларға беріледі.

Бала өлі туған жағдайда жерлеуге арналған жәрдемақы жалпы негіздерде беріледі.

ЕСКЕРТУ. 14-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен.

15-бап. Сауықтыру сипатындағы қызметтер

Сауықтыру сипатындағы қызметтерге санаторийлік-курорттық емдеу және санаторий-профилакторийлерде емделу, балаларды сауықтыру мен олардың ұйымдастырылған демалысы жатады.

16-бап. Жұмыссыздық жағдайында әлеуметтік қолдау

Азамат заңдарда белгіленген тәртіппен жұмыссыз деп танылған жағдайда халықты жұмыспен қамту туралы заңдарға сәйкес оның әлеуметтік қорғалуға құқылы бар.

17-бап. Міндетті медициналық сақтандыру

Міндетті медициналық сақтандыру Қазақстан Республикасындағы міндетті медициналық сақтандыру туралы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

18-бап. Жәрдемақыларды тағайындау және төлеу шарттары мен тәртібі

Жәрдемақылар міндетті сақтандыру жарналарынан құралатын міндетті әлеуметтік сақтандыру қаражаты есебінен төленеді.

Жұмыс берушілердің сақтандыру арналарын төлемеуі немесе мезгілінде төлемеуі қызметкерлерді жәрдемақылармен қамтамасыз ету құқығынан айырмайды.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру қаражаты есебінен жәрдемақылар тағайындау және төлеу шарттары мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

III тарау. Міндетті әлеуметтік сақтандыруды басқару

19-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорлары

Міндетті әлеуметтік сақтандыру қаражатын басқаруды мынадай мемлекеттік қорлар жүзеге асырады:

- Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры;
- Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры;
- Міндетті медициналық сақтандыру қоры.

Қорлар туралы ережені Үкімет бекітеді.

ЕСКЕРТУ. 19-баптың 1 бөлігінің 2 абзацы алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен.

20-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналар

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жарналарының мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарымен бекітілетін нормалар бойынша белгіленеді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналар Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес шегерілетін шығыстарға жатады, ол бюджеттік және басқа да коммерциялық емес ұйымдар үшін оларды ұстауға арналған шығыстар сметасында көзделеді.

Сақтандыру жарналарын есептеу және төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыруға уақтылы төленбеген жарналар әрбір өткен күн үшін (ақы төлеу күнін қоса алғанда) осы жарналар төленетін күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасының 1,2 есе мөлшерінде өсім есептеле отырып міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы қорлары кірісіне өндіріп алынады.

ЕСКЕРТУ. 20-бап 4 бөлікпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен.

21-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларының қаражаты

Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларының қаражаты жұмыс берушілердің міндетті сақтандыру жарналарының және Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмейтін басқа да түсімдердің есебінен құралады.

Аталған қорлардың қаражатын бюджетке алып қоюға, оларды қордан қорға ауыстыруға, сондай-ақ оларды басқа мақсаттарға пайдалануға жол берілмейді, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларының қабылданған сақтандыру міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін бюджеттерін Қазақстан Республикасының Үкіметі кезекті жылға арналған республикалық бюджет бекітілгеннен кейін бір ай мерзімде бекітеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі міндетті әлеуметтік сақтандыру қорлары қаражатының сақталуы мен нысаналы пайдаланылуы үшін жауап береді, ал соңғылары Үкіметтің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Сақтандыру жарналарының уақытша бос қаражатын және міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларының өзге де ақша қаражатын тек мемлекеттік бағалы қағаздар мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздарына немесе мемлекеттік банкілердің депозитіне ғана инвестициялауға (орналастыруға) ж о л б е р і л е д і .

Қаржы жылы аяқталғаннан кейін сақтандыру жарналары қаражатының қалдықтары алып қоюға немесе республикалық және жергілікті бюджеттердің кірістеріне аударуға жатпайды.

Сақтандыру және өзге де қаржы-шаруашылық операциялардың есебін және бухгалтерлік құжаттарды ресімдеу ережесін Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен қаржы есебін беру жүйесін реттейтін уәкілдік берілген о р г а н б е л г і л е й д і .

Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорлары бюджеттерінің атқарылуы туралы есепті Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және ол бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

ЕСКЕРТУ. 21-бап сөздермен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен.

22-бап. Сақтандыру жарналарын төлеуді және міндетті әлеуметтік сақтандыру қаражатының жұмсалуды бақылау

Міндетті әлеуметтік сақтандырудың сақтандыру жарналарын төлеуді

бақылауды тиісті міндетті әлеуметтік сақтандыру қорлары жүзеге асырады және салық қызметі органдары.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру қаражатының, соның ішінде міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларын ұстауға арналғандарының нысаналы пайдаланылуын бақылауды уәкілдік берілген мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Ұйымдар бақылаушы органдарға қажетті құжаттар мен мәліметтер беруге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 22-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК